

Қазығұрт ауданы  
«Айболған» бөбекжай балабақшасы

«Айболған» бөбекжай  
Балабақшасының менгерушісі  
Айболған  
бөбекжай балабақшасы  
Естауова Б.  
Әдіскері Нұрлышекова М.  
« » 2020ж

Музыка оқу қызметіне  
ұйымдастырылған  
Технологиялық картасы  
**«Муз Арт»**

(Мектеп алды дайарлық)

Музыка жетекшісі: Ажимбекова Ж.Л

**Күні:** Қантар

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** " Қыс қызығы "

**Білім көздері:** Музыка

**Мақсаты:** әуен сазына ілесе қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелей білуғе баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету.

**Көрнекілік:** қыс туралы суреттер

**Сөздік жұмыс:** шаңғы, шана.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Көңілді әуенмен музыка залына келеді. Шеңбер бойында жеңіл қимылмен жүгіреді. Шаттық шеңберін құрады.</p> <p>Қыс келді, қыс мұз-карлы, Қыраулы да ызғарлы.</p> <p>Қыс келді, қыс боранды, Қырат көрпе оранды.</p> <p>Қыс келді, қыс мықты анық. Қайтседе біз ықпадық.</p> <p>Қыс келді, қыс уайым ба, Қандық біздер ойынга.</p>	<p>Балалар музыка залына көңілді әуенмен келеді.</p> <p>Қыс туралы өлеңді ынтамен тыңдал, өлең туралы түсініктерін жеткізеді.</p>
<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Қазір жылдың қай мезгілі?</li><li>- Өлеңде не туралы айтылған?</li><li>- Қыста табиғатта қандай құбылыстар болады?</li><li>- Қыс мезгілінің ұнайтын, ұнамайтын жақтарын атандар.</li><li>- Қыста шаңғы, шанамен ойнайсындар. Жақсы.</li></ul> <p>Күн сүүқ, қалың киінесіндер. Жаман. Бірақ көнілді.</p>	<p>Балалар қыс туралы білгендерінше жауап береді.</p>
<b>Ән тыңдау</b>	<p>Вальс</p> <ul style="list-style-type: none"><li>- Музыка көздерінді жұмып отырып тыңдауға болады. Сендер мұндай музыкаға қандай қыймылдар жасағыларың келеді.</li><li>- Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады. Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, жұбымен айналуға болады.</li></ul>	<p>Балалар алған әсерлерін жеткізуге тырысады.</p>
<b>Ән үйрену</b>	<p>"Қыс қызығы"</p> <p>(И. Нұсіпбаев, Е. Өттетілеуов)</p> <p>Әнді музыка жетекшісі орындал береді.</p>	<p>Әнді тыңдай отырып, қандай жыл мезгілдерін</p>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Әнде не туралы айтылған?</li> <li>- Қандай көңіл күйде?</li> </ul> <p>Мәтінін әуенге қосылып орындаپ үйрену.</p>	туралы айтылғанын әңгімелейді.
<b>Ойын</b>	"Қасқыр мен Көжек" музыканы тыңдай отырып, әр аңдарға тән музыканы ажыратса болу. Жеңіл көңілді көжектер қаһарлы да ашулы қасқыр музыкасы естілісімен қашуға дайын болу.	музыка әуеніне ілесе отырып, әр аңға тән қыймылдарды жасайды. Жеңіл әуенге көжектер жеңіл секіреді, қасқыр музыкасында қашуға талпынады.
<b>Әуенді - ырғакты қимыл</b>	"Қасқыр мен қояндар" Әуенді ырғақпен үйлестіре би қимылдарын жасау.	
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Бұгін қандай жыл мезгілі туралы ән үйрендік?</li> <li>- Ән сендерге ұнады ма?</li> </ul> <p>Корытындылау, бағалау, марапаттау.</p>	Корытынды сұрақтарға жауап береді.

### **Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** әр аңға тән музыканы ажыратса, тани білулері керек.

**Нені игереді:** қыс қызығы туралы түсініктерді игереді

**Нені биледі:** музыканы ести отырып, сол музыкаға лайық қимыл жасауды меңгереді

## Күні: Қантар

**Тақырыбы:** "Аңдардың айтысы "

**Білім көздері:** Музыка

**Мақсаты:** әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындаауға, музыкаға сәйкес әр жануарлардың қымыл - қозғалысын келтіре білуге үйрету.

**Көрнекілік:** тұлқінің, аюдың, кірпінін маскалары.

**Сөздік жұмыс:** кәрі емен.

Оқу іс - әрекет белімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Залдың іші қысқы орманның көрінісін бейнелейтіндей безендірілген. Балалар орман ішіне қойылған кедергілерден, кисық жолдардан өтіп, орындықтарға орналасады.</p> <p>Халық "Құ" деп, Қылған күлкі, Айласы көп Бұл не?</p> <p>Жаңғақ жауған орманда Күндіз қорек айырып, Жатады кеш болғанда Өз күйрығын жамылды.</p> <p>Үстің толған ине, Бірін берсең, шіркін, Қадар едім түйме.</p>	<p>Балалар орман ішінде түрлі кедергілерден аттап, музыка әуенімен жүреді.</p> <p>Шешуі: Тұлқі</p> <p>Шешуі: Тиін</p> <p>Шешуі: Кірпі</p>
<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	<p>Балалар, біз жақында ғана жана жыл мерекесін тойладық.</p> <p>Міне, қазір ескі жаңа жыл да келді. Өздерің білесіңдер жаңа жыл ертегі гажайыптарына толы. Бізде ертеңгілікке қандай аңдар, ертегі кейіпкерлеріне келді?</p> <p>Сол мерекені еске түсіріп, әрі қарай өзіміз аңдар болып айтысамыз, ойын ойнаймыз.</p>	
<b>Ән тындау</b>	<p>"Күлдіргіштер" П.И. Чайковский - орыстың ұлы композиторы, балаларға арналған көптеген шығармалар жазған.</p> <p>"Аққу көлі, "Ұйқыдағы ару" балеттері бар. Өзіміз жиі тыңдайтын "Ойыншық солдаттар маршын" осы кісі жазған. Адам</p>	<p>Балалар күлдіргіштер музикасын тыңдай отырып, күлдіргіштердің і-әрекетін</p>

	<p>өмірінде күлкінің да алар орны ерекше. Міне, айналасын құлдіріп жүретін құлдіогіштерге арнап осы музыканы шығарған.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- музфка тыңдағанда құдіргіштердің іс- әрекетін елестете аласындар ма?</li> </ul> <p>Осы көнілді күймен балаларды топқа бөліп, аңдардың айтысын бейнелеу.</p>	елестетеді.
<b>Ән үйрену</b>	<p>"Аңдардың айтысы" (Р. Наурызбаева, Ш. Құлмаова)</p> <p>Тұлкінің әнін үйретіп, қимылдарын көрсету. Келесі топ Аю әнін айтЫП, әнмен бірге қорбандал жүру. Тез шапшаң қимылмен балаларға Кірпі жүрісін көрсетіп, әнін айтқызу. Аңдар хорын барлығы түгел айтады.</p>	Балаларға топтарға бөлініп, әр аңның әуенін үйреніп, сол аңға тән қимылдарды жасауға талпынады.
<b>Ойын</b>	<p>"Аю мен қояндар"</p> <p>Қояндар жеңіл музыка әуенімен көнілді секіріп жүріп, ұйқыдан оянған аюдың музыкасы дыбысталғанда қаша жөнеледі.</p>	
<b>Әуенді - ырғакты қимыл</b>	<p>"Қасқыр мен қояндар"</p> <p>Әуенді ырғақпен үйлестіре би қимылдарын жасау.</p>	
<b>Рефлексиялық- түзетушілік</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Бұғін бізде қандай аңдар қонақта болды.?</li> <li>- Қандай аңдардың әнін орындаудыңдар?</li> <li>- Орманда өткен іс - әрекет сендерге ұнады ма?</li> </ul> <p>Қорытындылау, аңдарды жақсы сомдаған балаларды марапаттау.</p>	Балалар алған әсерлерін жауап беру арқылы жеткізеді. Көтеріңкі көніл күймен топтарына тарайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** әуенге сай аңдардың музыкасын ажыратса біледі.

**Нені игереді:** көрі емен, бұлаң- бұлаң, балпаң-балпаң сөздерінің түсінігі.

**Нені біледі:** ән аңға музыка бойынша қимыл - қозғалыс дағдыларын.

## Күні: Қантар

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** "Бауырсақ ертегісі"

**Білім көздері:** Музика

**Мақсаты:** балаларды ертегіні түсіне отырып, кейіпкерлерді сомдауға үйрету.

**Көрnekілік:** "Бауырсақ" ертегісіндегі кейіпкерлердің атрибуттары.

Оку іс - әрекет бөлімдері	Музика жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Балаларды музика әуенімен қарсы алады.          Шенбер бойымен жүреді, жүгіреді.          Жан әжемнің жаңында          Тіпті рахат секілді.          Айтады үйіктар алдында          Ертегіні не турлі          - Сендер қандай ертегіні білесіндер?          - Оның ішінде қандай ертегіні жақсы көресіндер?          - Ал енді сол ертегіні еске түсірейікші.          - Қандай кейіпкерлер бар?          Балаға әр кейіпкерлерді суреттейтін музика тыңдатып, сол музикаға сай қымылдар жасату.</p>	<p>Шенбер бойымен жүреді, жүгіреді.</p> <p>Ертегі турали билетіндерін айтуға тырысады. Музика тыңдалап, әр анға тән музиканы атайды, жүргісін салады.</p>
<b>Үйымдастыруыштық-ізденістік</b>	<p>"Бауырсақ" ертегісін саханалауды ұсынады.          Балалардың калауы бойынша кейіпкерлерді рөлге болу.          - Баяғыда кемпір мен шал болыпты.          Бірде шал кемпірінен бауырсақ пісіріп беруін сұрапты.          Күй ойналып, ата мен әже әрі-бері жүріп, әженің қамыр илегенін көрсетіп, бауырсақты терезе алдына келтіреді.          Жата -жата шаршаған бауырсақ терезеден домалап түсіп, қашады.          Коян (әндете, белгілі бір әуенге салып)          Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін.          Бауырсақ (әндете)          Мен атамнан қаштым,          Апамнан да қаштым!          Ал сенен қашу, коян,          Қын емес маған.          Бауырсақ қашып кетеді.          Музика жетекшісі:          - Балалар бауырсақ қояннан қашып кетті фой.          Қәне, бәріміз қоянның қөнілін көтеріп "Қояндар биін" қосылып билейік.          Музика ойналып, қасқыр шығады.          Қасқыр (әндете): Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін.          Бауырсақ (әндете): Сен мені жеме, мен өлең айтып беремін (әнін айтады)          Қасқыр аңтарылып қалады.          Музика жетекшісі:</p>	<p>Балалар өз калаулары бойыншиа рөлдерді бөліп алады.          Әже рөлін ойнаған бала қамыр илеп, нан пісіріп, оны терезенің алдына кояды. Бауырсақ женіл музика әуеніне ілесіп домалайды. Коян бауырсаққа қарсы жүріп, жейтінін байқатады.</p>

	<p>- Қасқыр, сен ренжіме, балалар сенімен ойын ойнап, көңілінді көтермек.</p>	
<b>Ойын</b>	<p><b>"Қасқыр қақпан"</b>  <i>Қасқыр түсті қақпанга Жортып келе жатқанда. "Аягым" деп шыңғырды, Аягымды сындыры.</i>          Осы кезде қорбанда Аю келеді, алдынан Бауырсақ кездеседі.          Аю (әндете): Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін.          Бауырсақ әнін айтып қашып кетеді, Аю аузын ашып қалады.          Музыка жетекшісі:          - Аю, сен ренжіме, балалармен ойын ойнаймыз.</p> <p><b>"Аю мен қояндар"</b>  <i>Тұлқі: (әндете) Мен сұлу тұлкімін, Жай өтпейді бір күнім. Ішінде жүремін, Айғай-шу күлкінің.</i>          Алдынан бауырсақ кездеседі.          Тұлқі: Амансың ба, Бауырсақ! (әндете)          Қандай ідемі болып кеткенсін!          Бауырсақ әндetedі.          Тұлқі: Құлағым естімейді, қайта айтшы          Музыка жетекшісі:          - Тұлқі, сен бауырсақты жеп қоймашы, қане біріміз құтқарайық.          Қалай құтқаруға болады?</p> <p>Музыка жетекшісі:          Тұлқі, сен бауырсақты жеме, біз саған көнілді ән айтып береміз.</p>	<p>Бауырсақ әнін айтып, қасқырдан қашып кетеді.          Балалар шенберде жүріп өлеңді айтып, қасқыр ортада аяғын ұстап қыимыл жасайды.</p> <p>Аю балалармен ойын ойнайды.</p> <p>Тұлқі қутындалап келеді.</p> <p>Тұлқі қутындалап келеді.          Бауырсақ әнін айтады.</p> <p>Балалар бауырсақты тұлкіден құтқарады.</p>
<b>Ән үйрену</b>	"Ертегілер"	
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	Балаларды мақтау, мадақтау.	Балалар топтарына тарайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** балалар ертегіні сомдай, саханалай білуі керек.

**Нені игереді:** рөлде ойнау дағдыларын.

**Нені біледі:** ертегіні саханалау дағдыларын.

**Күні:** Қантар

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** "Айнала ақша қар"

**Білім көздері:** Музыка

**Мақсаты:** музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету. Табиғатқа әсерлену, қызығушылықтарын арттыру.

**Көрнекілік:** қыс көріністері салынған суреттер.

**Сөздік жұмыс:** зырлаймыз, тынбаймыз, төтеп беру.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<p>Балаларды музыка залына көтеріңкі көңіл күймен қарсы алады.</p> <p>Айналамда ұшып жүр, Ақ мамық қар себелеп. Қалт-құлт еткен бейне бір, Ақ қанатты көбелек.</p> <p style="text-align: right;">(З. Шукіров)</p>	<p>Балалар көңілді әуенмен залға кіреді.</p> <p>Өлең тындалап, не туралы түсініктерін жеткізеді.</p>
<b>Ұйымдастырушылық-іздештік</b>	<p>- Балалар айналға көз салындаршы, қандай құбылыстар байқадындар?</p> <p>- Қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>- Қыс сендерге несімен ұнайды?</p> <p>Аяз қысып, Әрнек сзызып, Терезенді торлайды. Қарға омбығып, Бет домбығып. Балдыргандар ойнайды</p> <p>- Балалар, бұл өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып тұр?</p>	<p>Балалар жұмбақ өлеңге жауап айтады.</p> <p>Қыс көріністері туралы ойларын жеткізеді.</p>
<b>Ән тындау</b>	<p>"Бұл қай мезгілде болады?" Қыс (Б. Ерзакович). Бұл жұмбақ - өлең қыс көрінісін суреттеп отыр. Копозитор жылдың тұрт мезгіліне арнап жұмбақ өлең жазған. Әр мезгілді өлеңге қосып жұмбақтаған.</p>	
<b>Ән үйрену</b>	<p>Откен әндерді еске түсіріп қайталау.</p> <p>Әнді айқайlamай, бірін бірі тындалап, дем алғанда иықты көтермей айту.</p> <p>"Айнала ақша қар" (И. Мамақов, К. Ідірысов) Әнді орындалап беремін.</p> <p>Балалар әнде не туралы айтылғанын, әннің көңіл күйін, қандай жылдамдықта</p>	

	орындалғанын сұрайды. Кейбір сөздерге түсінік беру.	
<b>Әуенді - ыргақты қымыл</b>	"Қояндар" би. Би қымылдарын жасау. Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіру.	Балалар қыс туралы білгендерінше жауап береді.
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	- Бүгінгі іс-әрекетімізде жылдың қай мезгілін айттық? - Қандай ән үйрәндік? - Қандай әуенге қымылдар жасадық? - Бидің аты қандай?	Балалар қыс туралы білгендерінше жауап береді.

### **Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** қыс көріністерін суреттеп айта білулері керек.

**Нені игереді:** қырлаймыз, тыңдаймыз, төтеп беру сөздерін түсінеді.

**Нені біледі:** би қымылдарын, әуенге ілесіп ыргақпен жасау дағдыларын.

**Күні:** Ақпан

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** "Бесік жыры"

**Білім көздері:** Музыка

**Мақсаты:** лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембірін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармалар ырғағын сезіне, музикалық аспаптармен ансамбльдерге ойнауға дағдыландыру. Би қимылдарын мінерлеп орындалуын үйрету.

**Көрнекілік:** бесік, қуыршақ

**Сөздік жұмыс:** бесік жыры, әлди-әлди

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-көзғаушылық</b>	<p>Вальс музыкасына балаларды жеңіл аяқтың ұшымен жүгіруді ұсынады. Балаларды орындықтарға отырғызу. Жұмбақ жасырып шешулерін сұрау.</p> <p>Тұрады ол әр үйде, Жайлы орын сәбиге. Шаңғы табан үйшік ол, Тербететін, әрине. Бұл не?</p>	<p>Балалар таныс вальс қимылдарын еркін орындауды</p> <p>Шешуі: Бесік</p>
<b>Үйымдастырушылық-ізденістік</b>	<p>- Балалар, Әмина әжеміз бүгін немересі Айдананы бесікке салу рәсімін жасайды еken. "Бесік тойын" біз де барайық.</p> <p>Бесік жанында әже немересі (куыршақ Айдананы) алдына алып отырады. Балаларды төрге шақырып, отыруды ұсынады.</p> <p>Ортаға бесік әкеліп қояды. Бесікке қуыршақ "сәбиді" жатқызып, бөлейді.</p> <p>- Біз құыршақ бөлеп, бесікке салу рәсімін жасайық. Аршаның тутінімен бесікті аластанап, тазарталық.</p> <p>Алас, алас, баладан алас, Көзі жаманның көзінен алас, Тілі жаманның тілінен алас, Қырық қабырғасына алас, Отыз омыртқасына алас, Бісіміліә, келді міне иесі, Көш пәлесі!- деп аластанап, сәбиді бөлеуді көрсетеді. Бесікті тербетеді.</p>	<p>Әминә әженің немересін бесікке салу рәсіміне бірге баруға қызығады.</p> <p>Айдананы қалай бесікке салғанын көріп тамашалайды.</p> <p>Әженің айтқан сөздерін тыңдалап, түсінуге тырысады.</p>
<b>Ән тындау</b>	<p>"Бесік жыры" әнін айтып тындауды ұсынады.</p> <p>- Бесік жыры қандай ән еken?</p> <p>- Сендерге ұнады ма?</p> <p>"Әлди-әлди" халық әнін айтып, балаларға қосылып айтуды ұсынады. Баяу, жұмсақ әуенді сипатын өз эмоциялық сезімдерін әндете жеткізеді.</p> <p>-Кішкентай сәбиді ұйықтады. Оянып кетпесін, оте ақырын, жай дауыспен айтайық.</p> <p>Сәби ұйықтар алдында "Бесік жырын" айтса үйқысы тәтті болады. Сәбіміз тыныш</p>	<p>Балалар "Бесік жырын" тындалап, әнінің сипаты туралы әңгімелейді.</p> <p>"Әлди-әлди" халық әнін орындалап, жарқын және баяу, ақырын шығарып айтуға тырысады.</p>

	үйықтасын, - деп бесікті апарып қою.	
<b>Ән үйрену</b>	"Бесік жыры" (И. Нұсіпбаев, С. Жиенбаев) Әнді үйрене отырып, мазмұнын қысқаша таныстыру. Лирикалық әуен туралы айтуды. Орындау барысында балаларға қуыршактарды альп, жұбатып, тербету қимылын ән ырғағымен бірге жасау.	Ән авторларымен танысып, шығармалары туралы мәлімет алады. Балалар қуыршактарды қолдарына альп, ән ырғағымен тербете әлдилейлі
<b>Ойын</b>	"Қандай аспап" Ойынға сырдырмақ, ысқырық, қоңырау, бубен, ушбұрыш, маталлофон аспаптарын қолдану. Әуеннің тембірін дұрыс ажыратуладын қадағалау.	Ойында айтылған әндерді естіп, олардың дауыс тембірін ажыратады. Аспаптар атын атап, сол аспаптарда қосыла ойнайды.
<b>Әуенді қимыл - қозғалыс</b>	"Вальс" Қол ұстасып, жұптасып Шыркөбелек айналып, Вальс биін билейік!-деп би элементтерін үрету.	Жұптасып билеудің қимылдарын жетік менгергендеоді көрсетеді.
<b>Аспапта ойнау</b>	"Сәулемай" (Халық әні) Кімде қандай аспап бар, Тұяқтас пен қоңырау. Асатаяқ, тоқылдақ, Домбыра, сырнай тағы бар. Металлофон бастайды, Сырнайымыз қостайды, Барлық аспап қосылса Оркестр деп аталар!- деп ән әуеніне оркестрда ойнауды үрету. Ән әуеніне ілесе, ырғакты сезіне ойнауға дағдыландыру.	Балалар қздеріне ұнаган аспаптарды таңдаپ альп, оркестрде ойнауға дағдыланады. Әуенге ілесе, әуен үндестігін сезіне көнілді ойнап, аспаптарды менгереді.
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	- "Бесік жырының" әуені қандай екен? - Сәбіді үйықтарда қалай әндеткен дұрыс? - Әмина әжеміз немересін бесікке қалай жатқызады? - Әжеміз қандай ән айтты? Сұрап қою арқылы, үйренгендерін пысықтау.	Қойылған сұраптарға жауап беріп, көріп үйренгендерін қайталады. Балалар көнілді қоштасады.

### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек:** Әуен динамикасын, тембірін ажыратуды, лирикалық сипаттағы әндердің нақышпен орындауды.

**Нені игереді:** ырғакты сезіне музикалық аспаптармен ансамбльде ойнауды, лирикалық әуендерді тиңдап сезінуді.

**Нені біледі:** дауыска күш түсірмей әндегі, динамикалық белгілерді ажыратуды.

**Күні:** Ақпан

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** "Мениң туыстарым"

**Білім көздері:** Музыка

**Мақсаты:** Музикалық шығарманы тыңдал, қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үйрету.

Әуенге әсерлену, ырғактық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке, ұлken-кішігे деген сыйластыққа баулу.

**Көрнекілік:** отбасындағы туыстар бейнеленген суреттер.

**Сөздік жұмыс:** алтыбақан

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-көзгаушылық</b>	<p>"Кел билейік" әуенінің ырғағына еркін би қимылдарын жасайды. Би барысында секіртпелі қимылды, орын ауыстыру, бір қырымен бір аяқты келесі аяққа соға секіру қимылдарын қадағалау. Санамақ айтып, көңілденуге шақырады.</p> <p><i>Кел, санайық, санамақ, Саусақтарды даралап. Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармагым - атам, Балаң үйрек - әжем, Ортан терек - әкем, Шылдыр шумек - анам, Титтей бөбек - мен.</i></p> <p><b>Отбасы туралы әңгімелесу.</b></p> <p><i>Атам маган әманда, Әдепті бол деген. Ата сөзі санамда, Жасы ұлкенге жсол берем. (А Асылбек) Мейірімді апалар, Балалар одан бата алар. Қалтасына кәмпіт сал Немерёге апаар.</i></p> <p><b>Ойын: "Мениң туыстарым"</b></p> <p>Балаларды шенбер бойымен тұрғызып, бастаушы ортада тұрып, допты кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала отбасы немесе туыстары туралы өлең-такпак айттып, ән орындауына болады. Ойынға белсене қатысқан балаларды мадақтау.</p>	<p>Балалар көтерінкі көңіл күймен би қимылдарын еркін орындал, ырғакты сезіне билейді.</p> <p>Шенбер бойын тұрып, санамақты саусақтарымен көрсете, сөздерін анықтап айтады.</p> <p>Ойын барысында өздері үйренген, билетін тақпактарын, әндерін орындаиды. Допты ептілікпен қағып алуға тырысады.</p>
<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	<p>Жұзімізге қараңыз, Бал күлкілі баламыз. Бізге қымбат күншуақ, Бізге қымбат анамыз. (Ф. Онғарсынова)</p> <p>- Ең сүйікті де, бізге ең жакын адам кім? - Неліктен анамызды күнге теңейміз?</p>	

<b>Ән тыңдау</b>	"Жан анам"	
<b>Ән үйрену</b>	<p>"Әдемі ән" жаттығуды орындағанда террек тыныс алып, дауыстарының бір қалыпты шығуын қадағалау. Ауызды дөнгелете айтту тәсілімен айтқызу, таза айтуларына көніл бөлу. "Екеуіміз әйбат баламыз" Әнді орындал, сипаты мен көніл күйі, мағынасы, мазмұны туралы сұрау.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ән қалай орындалады?</li> <li>- Сендер аналарыңа қалай көмектесеңдер?</li> </ul> <p>Әннің мәтінін үйреніп, әуенін еске сактау үшін ырғакты шапалакпен көрсетулерін сұрау.</p>	<p>Дуаыс жаттығуларын орындаиды.</p> <p>Дауысты дыбыстарды таза, анық айтуға тырысады. Әннің ойнақы, жүрдек екпінін сезініп, ән мазмұнын түсініп орындауға тырысады.</p>
<b>Әуенде - ырғакты қимыл</b>	"Алтыбақан" қыздарды қошеметпен отырғызу, тербету ұлдарға тапсырылады. Ән-ойынды көнілді, жарқын дауыспен орындауды ұсыну.	
<b>Музыкалық аспапта ойнау</b>	"Айғөлек" музыкалық аспаптар дауыстарының анық шығуын, ұстau тәсілін бақылайды.	
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	<p>Анаң-күнің, жүргегің, Әкен-әмір тірегің, Ағаң - қамкор асқарың, Інің - мөлдір аспаның, Сен бақытты ұлансың, Бәрі саған қуансын! Әжер - асыл ардағың, Атаң - дана корғаның, Қарындасың - қанатың Ел-Отаның - жәнәттың. Сен бақытты ұлансың, Бәрі саған қуансын!</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Туыстарымызды, ата-анамызды сыйлап, ардақтайық, балалар!</li> </ul>	<p>Туыстарына, ата-анасына арналған жылы лебіздерін айтады. Өлең жолдарын кайталап, жаттап алуға талпынады.</p>

#### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек:** шығармалардың айырмашылығын ажыратуды, әнді динамикасын сақтап орындауды.

**Нені игереді:** әнді әсерлене орындауды, ырғактық динамикалық белгілерді қолдануды, ойын шарттарын сактауды.

**Нені біледі:** ән мазмұнын тыңдал, әнгімеледі, әуенге сәйкес мәнерлеп қозғалуды.

**Күні:** Ақпан

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** "Ақ әжем"

**Білім көздері:** Музыка

**Мақсаты:** Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенде, ән мазмұнындағы көңіл қүйді сезінуге талпындыру. Музыкадағы дыбыс биіктігін, ыргақты мінерлілігін түсініп, ажыратуға үйрету. Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін қимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру.

**Көрнекілік:** Ұлттық ішекті аспаптар, үрмелі аспаптар (саз сырнай, шаңқобыз, сыйбызы)

**Сөздік жұмыс:** қашқар мүйіз, сырмақ, сынар мүйіз.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	<p>Балалар марш екпінімен кіріп, шеңбер бойымен жүреді. Әуен аяқталғанда зал ішінде шашырап жүгіру, "Марш" ойналғанда қайтадан өз орындарын тауып, әуен ыргағымен жүгіреді. "Вальс" орындалып, балаларға жұптасып тұрып, өздері ойлап тапқанби қимылдарын жасауды сұрау. Әуен аяқталысымен жайғасып отырады. "Менің әжем" атты суреттерді көрсетіп, өз әжелерімен таныстырады. Әжелеріне арналған өлең-тақпактардан сайыс ұйымдастыру.</p> <p>Мейірімі - жел жібек, Күндей ыстық құшағы. Ет жүргегі елжіреп, "Кұлымның" деп құшады.</p> <p>(С. Мәулен)</p>	<p>Музыканы тыңдал, екпінін сезіне нық жүгіреді. Әуен тоқтағанда шашырап, жанжаққа жүгіреді. Марш ойналғанда өз орындарын тауып, бастапқы қимылды қайталап, шеңбер бойымен жай жүгіреді. Жұптасу биінінің қимылдарын қайталайды.</p>
	<p><b>Ән тыңдау:</b> "Ақ әжем" (К. Қуатбаев, О. Әубекіров) әнін орындал, балалар ән сипатын, мазмұнын әңгімеледі сұрайды.</p> <p>Құртпен майды жинаған, Балаларға сыйлаған. Бұл әжемнің өмірі Таусылмайтын жыр маған.</p> <p>(Х. Талғаров)</p>	<p>Әжелері туралы тақпактар айтып, сайысқа түседі. Әуен тыңдал, нәзік, қоңыр әуенде сезініп, мазмұнын лайықты сипаттайды.</p>

<p><b>Үйндастырушылық- ізденистік</b></p>	<p><b>Дауыс жаттығуы: А-а-а-а, О-о-о-о, Ү-ү-ү-ү</b>  <b>Ән үйрену:</b> "Әже тілегі" (Т. Коңыратбаев, Х. Талғаров) Композитордың балаларға арналған көптеген әндері бар. Әнді орындалп әнде кім туралы айтылғанын сұрау.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Әже деген кім?</li> <li>- Сенің әжеңді кімнін анасы?</li> <li>- Сен әженді қалай қуантасың?</li> <li>- "Әже тілегі" әнінде не туралы айтылған?</li> <li>- Сипаты, көніл қуйі қалай?</li> <li>- Әжемізден үйренген ою-өрнектерімізді бимен көрсетейік.</li> </ul> <p>"Өрнек", "Қошқар мүйіз", "Сыңар мүйіз" би элементтерін жалпы көрсетіп, қайталауларын сұрау.</p> <p><b>Әуенді - ырғакты қымыл: "Сырмақ жасайық"</b>          Саусақтарым майысып,          Ою-өрнек оямын.          Тұрмізге жаятын,          Сырмақ жасап қоямын. (балалар сырмақ құрастырып, ептіліктерін көрсетеді.)</p>	<p>Жаңа әуенге қуана, қабылдан, әуеннің сипаты, көніл қуйі туралы әңгімелейді. Сұрақтарға жауап беріп, өз әжелері туралы әңгімелейді.</p>
<p><b>Рефлексиялық- түзетушілік</b></p>	<p><b>Музыкалық аспапта ойнау: "Қай аспапта ойнаймыз?"</b>          Ұлттық ішекті және үрмелі аспаптарды қолдану. Дауысын тыңдал, ажыратуын, үлестілмелі текшелерден тауып көрсетуді ұсыну. Ұнаған аспаптарын таңдал алыш, оркестр құрайды.</p>	<p>Текшелерден аспаптарды дұрыс тауып көрсетуді үйренеді. Аспаптар дауысын естіп, түрлерін ажыратып айтады.</p>

### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек:** лирикалық сипаттағы әуендерді ажыратуды, дыбыс биіктігін анықтауды, ұлттық би қымылдарын билеуді, ою түрлерін есте сақтауды білуі керек.

**Нені игереді:** «қошқар мүйіз», «сыңар мүйіз», оюлар түрлері мен би элементтерін үйренеді, ән мазмұнындағы көніл қуйіді сезінеді.

**Менгереді:** сабырлы әуенді созылта әндетеңді, ырғактың мәнерін түсінеді.

**Күні:** Ақпан

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Ана-өмір шырағы»

**Мақсаты:** музыкалық шығармаларды салыстыруды талғампаздыққа баулу. Музыканың көмегі арқылы көңіл қүйді сезініп, әңгімелей біруге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. Әртүрлі сипаттағы әуенде қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру. Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын дамытуды жалғастыру.

**Көрnekі құралдар:** атақты суретшілердің шығармаларынан ана суреттері.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** гүлдер, қонырау, үшбұрыш, металлофон аспаптары.

**Алдын-ала орындалатын жұмыстар:** ана туралы тақпақтар, қанатты сөздер.

**Сөздік жұмыс:** мимика, терция, квартта.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<i>Мотивацияның козғалышының</i>	<p>Вальс (шуберт). «Билеп үйренейік» жинағынан) ойналып, балалар би қимылдың қайталап үйренеді.</p> <p>Еске сақтап, биді мәнерлеп орындау шеберліктерін ұштайды.</p> <p>Би элементтерін соңына дейін көрсетіп бірге мәнерлеп билеулерін қадағалайды.</p> <p><b>«Гүлдермен би»</b> қимылдары үйретіледі.</p> <p>Балалар мен аналары туралы әнгіме айтып, ой-сезімдері, ой-пікірлері туралы сұрайды. Суретшілердің әйел ананы бейнелейтін суреттерін көрсетеді, әңгімелейді. (А.Дайнека «Ана», Леонардо да Винчи «Мадонна», Д.Жилинский «Қайырлытан»).</p> <p>Балаларға әртүрлі көңіл қүйдегі аналардың бейнелерін атап айтуды сұрайды (куанышты, салмақты, сабырлы, т.б.)</p>	<p>Үйренген би қимылдарын әуенмен мәнерлеп билейді, өз шығармашылықтарын көрсетеді.</p> <p>Гүлдермен би қимылдарын нәзік женіл орындауды. Гүлдердің әсемдігін қимылмен жеткізуға тырысады.</p> <p>Атақты суретшілердің енбектерін тамашалап эмоциялық бейнелерін салыстырады, әңгімелейді.</p>
	<p>-Ал сендердің аналарың қандай көңіл қүйде жүреді?</p> <p>-Қуанғанда қандай болады?</p> <p>-Сендерге ренжігенде не істейді?</p>	<p>Балалар қойылған сұраптарға жауап береді.</p>

-Сендерді еркелеткенде,жақсы көріп иіскегенде түрі қандай болады?  
Балаларға мимика арқылы көрсетуді ұсынады.

*Еркелеткен баласын,  
Аман болышы,анашым.*

**Музыка тыңдау:**«*Аман болышы,  
анашым!*»

-Бұл ән бәріміздің де аналарымызға арналған.  
-Әннің көңіл күйі қандай?  
-Сендерге ұнады ма?  
Мазмұнын әңгімеледі сұрайды.  
**Дауыс жаттығуы:** «*Әдемі ән»,  
«Анашым».* Терен тыныс алып, дыбыстардың біркелкі шығуына көңіл аудару. Таза айтуларын қадағалау.  
**Ән үйрену:** «*Анашым*»  
(Е.Хасанғалиев, А.Асылбек)  
орындалады.Балаларға ән мәтіні және әуені үйретіледі.

Өтпесін әр кеш құр,  
Ойнаймыз оркестр!  
Аспапта ойнау: «Айгөлек» әуеніне конырау,ұшбұрыш,бірнеше металлофон аспаптарында ойнауды жалғастырады.  
Әуеннің ырғағын сезіне,өз реттіліктерін сақтауын қадағалау.  
«Өрнек» биінің элементтері қайталанып еске сақтауға мәнерлеп орындауға үйрету.

Мимикамен көрсетіп бет-әлпетті өзгерте көңіл күй түрлерін көрсетеді.  
Әнді зейін қойып тыңдалап,әсер алады.  
Нәзік әуенде сезініп,оіға батады.  
Алған әсерлерін жеткізе айтып әңгімелейді.  
Жаттығуды көңілді жайдары орындала терция ми,ля кварта интервалдарын таза орындауға жаттығады.  
Әнді тыңдалап,нәзік сазды әуенін сезіне қабылдайды.Әнді орындағанда әннің сипатын түсініп оны өз эмоцияларымен көрсете біледі.  
Металлофонда,конырау, ұшбұрышта реттілікпен үндесін сақтай ойнайды.  
Оркестрде ойнауға қызығушылықтары артып көңілденеді.  
Ұлттық би элементтерін үйреніп мәнерлеп билеуге талпынады.

<p><b>Рефлексиялық-түзгүшілік</b></p>	<p><b>Кимылдық ән-ойын: «Алтын қақпа».</b>  Ойын шартын қатаң сақтап, шапшаң қымылдауға, жұптасып, қақпа жасап түруға дағдыландыру.  - Өз алдарына қандай тілек айтасындар?  - «Ана – біздің ғұліміз» дегенді қалай түсінесіндер?  - Аналарына қандай мерекелік сыйлық ұсынасындар?  «Менің сүйік анам» тақырыбында өз аналарын бейнелеп, суретін салуға тапсырма беріледі.  Көрме үйымдастырылады.</p>	<p>Ойынды үйымшылдықпен тату-бірлікпен ойнайды, қызығушылықтары артады.  Ойларын жеткізе әнгімелеп, сұрактарға жауап береді.  Өз аналарына тілектерін, тақпақтарын дайындайды. Мерекелік көңіл күймен шығады.</p>
---------------------------------------	---	---

### Күтілетін нәтиже

**Біледі:** музикалық шығармаларды тыңдалап, салыстыру. Түрлі сипаттағы көңіл күйді ажырату, әнді таза, тембрін сезіне орындау.

**Игереді:** әртүрлі көңіл күйді мимикамен көрсетуді, гүлдермен биді женіл, бірқалыпты билеуді, аспаптардың үндеңстігін естіп, бірге бірге оркестрде ойнауды.

**Менгереді:** әнді таза орындалап, эмоциясын көрсетуді, түрлі сипаттағы ауыспалы әнді мәнерлеп а

**Күні:** Наурыз

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** "Домбыра сазы"

**Мақсаты:** музыкалық аспапқа даген қызығушылығын арттыру. Әнді сергек, жігерлі орындауға талпындыру.

**Көрнекі құралдар:** қазақтың ұлттық аспабы-домбыра.

**Сөздік жұмыс:** соқыртеке, домбыра.

<b>Оқу іс-әрекетінің кезеңдері</b>	<b>Музыка жетекшісінің іс әрекеті</b>	<b>Балалардың іс-әрекеті</b>
<i>Motivациялық-Көзざуышылық</i>	<p>Музыка залына көнілді музыка әуенімен бірінен соң бірі тізіліп, нақты қадаммен келеді. Шаттық шенберінде бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.</p> <p>Домбыра, қайда барсам тастамаймын, Ән менен сенсіз өлең бастамаймын. Екі ішек, он бір перне, бір тиектен Сайрасам қызыл тілмен аспандаймын.</p> <p>(Кенен әзірбаев)</p>	<p>Балалар музыка залына көнілді әуенмен келеді.</p> <p>Домбыра туралы өлеңді тындаиды.</p>
	<p><b>Домбыра</b> - қазақ халқының арасында өте ерте заманда кең тараған, гасырлар сырын сақтаған, қос ішекті шертіп ойнайтын аспаптың бірі. Домбыра әртүрлі үлгіде ағаштан ойылып жасалады. Дауысы майда қоңыр құлакқа жағымды.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> "Келіншек" (халық күйі)</p> <p>Күйді белгілі бір композитор шығарып, бір-бірінен естіген күйінде үйреніп, кейін шығарған адам ұмытылып қалған.</p> <p>Осыдан халық күйі болып аталған.</p> <p>"Келіншек" күйі жаңадан түскен жас келінге арналып шығарылған, жас келіннің жүріс-тұрысы, ширақ қимылды суреттелген.</p>	<p>Домбыра аспабын колдарына алып, қызықтап, шертіп көреді.</p> <p>Домбырада ойналған күйді естіп тамашалайды.</p>

**Күні:** Наурыз

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** "Домбыра сазы"

**Мақсаты:** музыкалық аспапқа даген қызығушылығын арттыру. Әнді сергек, жігерлі орындауға талпындыру.

**Көрнекі құралдар:** қазақтың ұлттық аспабы-домбыра.

**Сөздік жұмыс:** соқыртеке, домбыра.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<i>Motivациялық-Көзgауышылық</i>	<p>Музыка залына көнілді музыка әуенімен бірінен соң бірі тізіліп, нақты қадаммен келеді. Шаттық шенберінде бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.</p> <p>Домбыра, қайда барсам тастамаймын, Ән менен сенсіз өлең бастамаймын. Екі ішек, он бір перне, бір тиектен Сайрасам қызыл тілмен аспандаймын.</p> <p>(Кенен әзірбаев)</p>	<p>Балалар музыка залына көнілді әуенмен келеді.</p> <p>Домбыра туралы өлеңді тыңдайды.</p>
	<p><b>Домбыра</b> - қазақ халқының арасында өте ерте заманда кең тараған, ғасырлар сырын сақтаған, қос ішекті шертіп ойнайтын аспаптың бірі. Домбыра әртүрлі үлгіде ағаштан ойылып жасалады. Дауысы майда қоңыр құлакқа жағымды.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> "Келіншек" (халық күйі)</p> <p>Күйді белгілі бір композитор шығарып, бір-бірінен естіген күйінде үйреніп, кейін шығарған адам ұмытылып қалған.</p> <p>Осыдан халық күйі болып аталған.</p> <p>"Келіншек" күйі жаңадан түскен жас келінгे арналып шығарылған, жас келіннің жүріс-тұрысы, ширақ қимылы суреттелген.</p>	<p>Домбыра аспабын колдарына алып, қызықтап, шертіп көреді.</p> <p>Домбырада ойналған күйді естіп тамашалайды.</p>

**Күні:** Наурыз

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Көктем әндері»

**Мақсаты:** музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музықада ажыраты білу.

**Көрнекі құралдар:** көктемдегі көріністер, қараторғай суреті.

**Сөздік жұмыс:** қараторғай, жыл құстары.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козғалыштық	<p>Көктем көріністерін бейнелейтін суреттерді қызықтау. Жылы жақтан қайткан құстардың, жылғаның суреттеріне қарап әңгіме құрастыру.</p> <p><i>Сулар ағып жылғадан, Құстар әнін жырлаган. Бұлт айдары жеслбірейді, Бұл мезгілді қалай дейді? Келіт көктем құстары, Бау-бақшада ән салды. Оларды жасас достары Ұя жасап қарсы алды.</i></p>	<p>Балалар көктем көріністері бейнеленген суреттерді қызықтайты.</p> <p>Балалар өлең не туралы екенін айтуда талпынады.</p>
Үйимдостырулылық-ізденистік	<p>-Балалар, бұл өлең жолдары қандай жыл мезгілін мензеп тұр?</p> <p>-Сендер қандай құбылысты байқадындар?</p> <p><b>Музыка тыңдау: «Қараторғай»</b> (Ақан сері)</p> <p>-Көктем шыға жыл құстары да жылы жақтан атамекеніне келе бастайды. Құстар сайрап, көктемгі көріністерге жан біткендей күйде болады. Көптеген әндер табиғатпен, тау-тас, өзен-сүмен байланысты болса, енді біреулері табиғат аясында қанат қағып жүрген құстарды әнге қосады. Міне, сол әндердің бірі – осы ән. Құстың шырылдаған үнін әнге қосқан.</p> <p><b>Ән айту:</b> өткен іс-әрекет кезінде айтқан әндерді еске түсіріп, қайталау. Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді иықты көтермей алып, бойды тік ұстай.</p>	<p>Балалар әнді тыңдалап, ән туралы өз түсініктерін айтуда тырысады.</p> <p>Өткен әндерді естеріне түсіріп, қайталап айтады.</p>

<p><b>Ән үйрену:</b> «<i>Қоктем</i>» (Д. Гусинцев, Т.Исабеков)</p> <p>Бұл әнде де құстың келуін, өлкенің жаңаруын , жеміс ағаштарының бүршік атып гүлдеген кезін жырлаған. Музыка жетекшісі әнді орындаиды. Балалардан әннің мазмұнын сұрайды. Мәтінді қайталап, әуенге қосылып үйрету.</p> <p><b>Ойын:</b> «<i>Тұлқі мен қаздар</i>»</p> <p>Диолог түрінде тұлқі бағтаиды, қаздар жауап қайтарады. Тұлқі қаздарды куады, алдарынан күшік шығып, тұлқіні қуып, қаздарды кері қайтарады.</p> <p>Ойын өте көңілді ойналады.</p> <p><b>Би:</b>«<i>Anatayын-ай</i>»(«Билеп үйренейік»).</p> <p>Түсініктеме бойынша қимылды үйреніп, әуенге ілесе би билеу.</p>	<p>Балалар жаңа әнмен танысып, ән туралы білгендерін ортаға салып, әнді үйренеді.</p>
<ul style="list-style-type: none"> <li>-Сонымен, бұгін қандай жыл мезгілі туралы әңгімеледік?</li> <li>-Көктем туралы не білесіңдер?</li> <li>-Бұгінгі іс-әрекеттің қй бөлімі сендерге қатты ұнады?</li> </ul> <p>Қорытындылау,</p>	<p>Көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды.</p>

### Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** көктемгі құбылыстарды, табиғат өзгерістерін білулері керек.

**Игереді:** жыл құстары, қараторғай туралы түсініктерді.

**Менгереді:** үш түрлі музыкаға сай қимылдар жасау дағдыларын.

**Күні:** Наурыз

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Наурыз –жыл басы»

**Мақсаты:** ұлттық рәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастырып, сыйластық сезімін тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар:** Наурыз дастарканы, ұлттық тағамдар, арқан.

**Сөздік жұмыс:** наурызкөже, құрт, жент, ірімшік, қонаққаде.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің Іс- әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<i>Мотивациялық- қозғауышлық</i>	<p>Ортада дөңгелек үстел, үстінде құрт, ірімшік, жент, бауырсақ, т.б. Үстелдің жанында қазақша киінген әже мен ата отырады.</p> <p><i>Дастарқанда дәміміз, Жайдарымыз бәріміз. Көжесі көп қыры көп, Қандай жақсы наурыз.</i></p>	<p>Балалар дөңгелек үстел жанына келіп, ата мен әжеге сәлемдесіп, үстел айналасына орналасады.</p>
<i>Үйимдастыруыштық-ізденістік</i>	<p>Ата мен әже балаларды қарсы алады. Балалар атамен, әжемен амандасады. Әже балалардан бүгін қандай мереке екенін сұрайды.</p> <p>-Наурыз дегенді қалай түсінісіндер? -Наурызды халық қалай тойлайды? -Наурызға катысты қандай ырымдарды білесіндер? -Наурыз күн мен түн теңелген кез, ол күні ренжісken адамдар бір-бірімен құшақ жайып, төс қағыстырып татуласады. Әр үйде дастархан жайылып, бір-бірінің үйіне қонаққа барады. -Міне, алдарында қазақтың ұлттық тағамдары тұр. Жеті түрлі дәм салып наурызкөже дайындалады.</p> <p>Ата қонаққаде ретінде ән айтып береді.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Ақ сиса» (Жаяу Мұса).</p> <p>Ата әнді орындалап болып, балаларға Мұсаның неліктен Жаяу Мұса</p>	<p>Балалар наурыз туралы білгендерін әңгімелейді. Наурызда бір-біріне қонаққа бару керектігін, татуласу керектігін ұғынады.</p>

<p><i>Үйлімдастыруушылық-іздеңістік</i></p>	<p>атанғанын баяндап береді. Сол кездегі байлардың кедейлерге жасаған зорлық-зомбылығын әңгімелейді.</p> <p><b>Ән үйрену: «Наурыз –жыл басы».</b> Музыка жетекшісі әнді орындаиды. Ата мен әжеге қосылыш үйренуін сұрайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Өнде не туралы айттылған?</li> <li>- Ән көңілді ме, әлде көңілсіз бе?</li> </ul> <p>Әннің бірінші шумағын қайырмасымен үйрену. Ата мен әжеге өткен әндерді қайталап айтып беру.</p> <p><b>Ойын: «Арқан тартыс»</b> Ата өзімен бірге арқан ала келгенін айтады. Қазақтың ұлттық ойыны – <i>арқан тартуды</i> екі командаға бөлініп ойнайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Міне, бүгін күн мен түн теңелді», - деп, <b>«Күн мен түн» ойынын ұсынады.</b></li> </ul>	<p>Балалар ән туралы түсініктерін жеткізеді.</p> <p>Балалар жаңа әнді әуенімен айтуға, естеріне сактауға тырысады.</p> <p>Балалар екі командаға бөлініп, арқан тартысады.</p>
<p><i>Рефлексиілік-мұзгемушилік</i></p>	<p>Ата мен әже балаларға ризашылығын білдіріп, мадақтап, қоштасып, үйлеріне қайтады.</p>	<p>Балалар адған көңілді әсерлерімен тарайды.</p>

### Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** Наурыз мерекесі – күн мән түннің теңелу, табигаттың жаңару мерекесі екенін.

**Игереді:** қазақтың ұлттық тағамдары туралы түсініктерді.

**Менгереді:** арқан тарту арқылы күш сынасу дағдылар

**Күні:** Наурыз

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** «Қайырлы таң»

**Білім көздері:** Ән-күй

**Мақсаты:** жаңалықты ,жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрену. Әнді орындағанда үндесіп, бір-бірін тындалап айтуға үйрету.

**Көрнекілік:** музикалық аспаптар: асатаяқ, сылдырмақ, тұяқтас, Дина Нұрпейісованың портреті.

**Сөздік жұмыс:** тұяқтас, қыран, шапак, рауан.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Мотивациялық-козғаушылық</b>	Балалар музыка әуенімен залда қарсы алады. Әрбір атқан таңымыз арайлы, бәріміздің жүзіміз, жарқын, көнілді, құстарымыз сайрап, гүлдеріміз жайнап тұрса, көктем күні қандай керемет!	Балалар музыка залына нақты қадаммен келді. Шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка әуеніне жүгіреді. Шаттық шеңберінде бір-біріне тілек айтады.
<b>Үйымдастырушылық-ізденістік</b>	Құстардың ішінде де әнші құстар болады. Бұлбұл-әнші құс. Халқымыз даусы әсем әншілердің бұлбұлға теңейді.	
<b>Ән тындау</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> «Бұлбұл» (Дина Нұрпейісова) Дина Нұрпейісова-қүйші-композитор. Дина тоғыз жасынан қүй тартып, Құрманғазыдан қүй үйренген. Кейін өзі қүй шығаратын болған. Динаның «Әсемқоңыр», «Бұлбұл», «Женіс», т.б. көптеген қүйлері бар. «Бұлбұлда» әнші құстың сайрағаны қүй арқылы көрсетілген. («Қазақ композиторлары және музикалық аспаптар»)	Балалар қүйшімен танысып, қүй тындауды. Қүйден алған әсерлерін жеткізуге тырысады.
<b>Ән айту</b>	<b>Ән айту:</b> өткен әндерді еске түсіріп, мәнеріне келтіріп орындау, қайталау. Дауысты қалыпқа келтіріп	Балалар өткен әндерді қайталауды

	<p>дауыс жаттығуын жасау.</p> <p><b>Ән үйрену:</b> «Қайырлы тан» (Е.Өміров, А.Тойшанұлы). Е.Өміровтың суретін көрсетіп, қысқаша мағлұмат беру . Ән сабырлы,шырқай салынады. Музыка жетекшісі әнді орындалап балалардан ән туралы сұрайды. «Шапақ» «Рауан» деген сөздерге тоқталып,түсіндіру. Әнді бөліп-бөліп үйретіп,соңынан қосып айтқызу.</p>	<p>Композитормен танысады,жаңа әнді үйренеді.</p>
<b>Музыкалық аспапта ойнау</b>	<p>«Тұяқтас» аспабымен таныстыру. Ұрмалы аспаптың ойналу техникасын көрсету. «Сәулем-ай» әуеніне ырғакпен ұрып көрсету. Бірнеше балаларды шығарып, асатаяқ,тұяқтас, сылдырмақтармен әуенге ілесіп ойнау. Балалардың қалауы бойынша үйренген билерді қайталау.</p>	<p>Балалар жаңа музыкалық аспаппен танысады. Аспапты қызықтап бір-біріне соғуды, дыбыс шығаруды үйренеді.Әуенге қосылып,аспапта ойнайды.</p>
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	<p>-Бүгін қандай композитормен таныстық? -Кандай күй тындардық? -Әнде не туралы шырқалды? -Кандай музыкалық аспаппен таныстық? -Сендерге бүгінгі қай іс-әрекет ұнады?</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап беріп, топтпрына тарқайды.</p>

### Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** түрлі табиғат құбылыстары аспаптың күй тілінде сыйрайтынын білуі керек

**Игереді:** тұяқтас,шапақ,рауан деген түсініктерді

**Менгереді:** жаңа музыкалық аспапта ойнау дағдыларын

**Күні:** Сәуір

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** «Фарыш әлеміне саяхат»

**Білім көздері:** Ән-күй

**Мақсаты:** шығармашылық қабілеттерін арттыру, қымылмен сипаттағы әуендерді көрсету. Ән айту, есту қабілеттерін өрі қарай дамыту. Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру, түсініп, әнгімелеге дағдыландыру.

**Көрнекілік:** скафандр атрибуты, құрсаулар. Фарышты, фарыш кемесін бейнелейтін суреттер. Ю. Гагарин. Т. Әубакіров. Т. Мусабаев суреттері.

**Сөздік жұмыс:** фарыш, фарышкер, зымыран, Байқоңыр, скафандр.

Оқу іс - әрекет бөлімде рі	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-козғаушылық	<p>Балаларға Марш (Е.Марченко) екпінімен, тұлғаларын тұзу ұстап, аяқтарын көтере жүруді ұсынады.</p> <p>Әуенді-ырғақты қымылдар көрсетіледі.</p> <p>«Кел, билейік» (В.Комарова) ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқтан келесі аяққа жеңіл секіртпелі қымыл жасауды, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіру (боковой галоп) қымылдарын үйретеді.</p>	<p>Балалар марш ырғағын сезіне, денелерін түзі ұстап, нық баса жүреді.</p> <p>Көңілді биді жеңіл жүптаса билеп, би қымылдарын еркін жасайды.</p>
Ұйымдастырушылық-ізденистік	<p>12 сәуір-Фарышкерлер күні екенін айтып, фарыш бейнеленген суретті көрсетеді. Жетекші балаларды фарышқа саяхатқа шақырады.</p> <p>Сапар үшін келесі</p> <p>Дайын ғарыш кемесі.</p> <p>Бұған ертең мініп ап,</p> <p>Айға барамыз зымырап.</p> <p style="text-align: center;">(А. Сопыбеков)</p> <p>-Фарышқа тек шымыр, мықты балалар ұша алады. Ал, кәнеки, қазірден жаттығуға әзірленейік!-деп, жаттығулар жасауды ұсынады. (музыка жетекшісінің тыңдауымен).</p> <p>-Міне, енді шынығып ұшуға дайынбыз.</p> <p>Скафандрларын киіп, ұшуға дайындық «Фарыш кемесінде» әуені ойналып, балаларға көздерін жұмып, «ұшу» қымылын ырғақты сезіне көрсетуді ұсынады.</p> <p>-Міне, белгісіз планетаға тап болдык.</p>	<p>Фарышкерлер күні туралы біліп, түсінік алады.</p> <p>Дене жаттығуларын бірдей қымылдан жасайды. Әуен ырғағын сезіне қозғалып, мәнерлеп көрсетеді.</p> <p>Әуендерді тыңдалап, ерекше үндерді естіп, сезінеді.</p> <p>Көздерін жұмып, өздерін ғарыш кемесінде отырғандай сезінеді.</p>

<p><b>Эн тындау</b></p>	<p>«Айды әперші, апаратай!» (Е. Өміров, О. Тұрманжанов) әнін орындаған береді. Әннің мәтінін, сипатын түсіне әңгімеледі сұрайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Гарыш деген не?</li> <li>-Қандай ғарышкерлерді білесіндер?</li> <li>-Гарыш айлағы қай жерде орналасқан?</li> <li>-деген сұрақтар қойып, толық мәлімет береді.</li> </ul> <p>Тұнғыш ғарышкер Ю.Гагарин, Т. Әубекіров, Т. Мұсабаев суреттерін көрсетеді, мәлімет береді. Гарыш айлағы Байқоңырда орналасқанын, алып зымырандар ғарышқа осы жерден үшірылатынын түсіндіреді.</p>	<p>Гарышкерлер туралы мағлұмат алғып, Байқоңыр туралы біледі.</p>
<p><b>Эн айту</b></p>	<p>«Гарышкер боламыз» (С. Мұхамеджанов, Ш. Мұхамеджанов) Әннің мәтінін түсіндіріп, әуенін үйретеді. Жылдам екпіні мен ырғағына мән береді. Секірмелі фа-си, соль-до дыбыстарын таза айтуға ерекше көңіл аударады.</p>	<p>Жаңа әнді үйреніп, мітінін түсінеді. Әуенін сезініп, таза, анық айтуға үйренеді.</p>
<p><b>Әуенді қимыл - қозғалыс</b></p>	<p>«Фантастикалық би» (Р. Шуман) ойналып, балаларға робот қымылдарын өз білгендерінше көрсетуді сұрайды.</p> <p>Р. Шуман туралы түсінік береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Балалар, сендер қай планетаға сапар шеккілерің келеді. (Ай, Юпитер т.б.)</li> <li>-Айға ұшатын бала туралы ән айтып берейін, мұқият тындандар!</li> </ul>	<p>Койылған сұрақтарға көңілдене жауап береді.</p>
<p><b>Мұзыкалық - дидактикалық ойындар</b></p>	<p>«Роботтар кемесінде» Үнтаспадан робот қымылзына сай әуен ойналып, балалар робот қымылдарын көрсетеді. Әуен тоқтағанда өз кемелеріне отырып ұлгеруі тиіс. Әуенмен қайта жерге оралуды ұсынады. «Айғөлек» әуенін оркестрде ойнауды жалғастыру (конырау, ушбұрыш, металлофон)</p>	<p>Робот қымылын өз еріктерінше көрсетіп, билейді. Қлды, аяқты тез, шалт қозғау. Тізені бүкпей адымдаған жүргү. Кемеге отырып ұшады.</p>
<p><b>Рефлексиялық -түзетушілік</b></p>	<p>«Кел, билейік» Әуеніне көңілді би билеуді ұсынады. Таныс әуенге би қымылдарын өздеріне табуды, мәнерлеп билеуді ұсынады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Гарыш айлағы қай жерде орналасқан?</li> <li>-Қандай ғарышкерлерді білесіндер?</li> </ul> <p>Балаларды мактау, мадактау.</p>	<p>Би өз қалауларынша билейді. Ырғакты сезіне қимылдайды. Балалардың жауабы.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Нени білу керек:** Әр сипаттағы шығармаларды тындауды, классикалық музыканы ажыратып, тындаған әуенде әңгімелей білуді.

**Нени игереді:** ғарыш, ғарышкерлер, ғарыш айлағы туралы түсінеді.

**Менгереді:** әнді көңіл күйіне сәйкес орындауды, шығарманы тындауды, мағынасын түсіндіре алушы.

**Күні:** Сәуір

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** «Құстар-біздің досымыз»

**Білім көздері:** Ән-күй

**Мақсаты:** вокалды және аспапты музыкаға қызығушылығын арттыру. Күйші-композитор Н. Тілендиев туралы түсінік беру. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажыратуға баулу. Одан би шығару іскерліктерін дамыту. Жұмбақтар шешу арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Құстарды қорғап, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** құстардың суреті, ойыншық құстар, құстар атрибуттары.

**Сөздік жұмыс:** ақку, көкек, бұлбұл.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	<p>Марш әуенімен кіріп, шеңбер бойымен тұруды ұйымдастырады.</p> <p><i>Қолымызды жаяйық, Құстай қанат қағайық.</i></p> <p>Үнтаспада «Жануарлар әлемі» әуені ойналып, құстардың қанат қағуын көрсете жеңіл жүгіруді ұсынады.</p> <p>Көктем көліп шуақты, Балаларды қуантты. Алақай-ау, алакай, Құстар сайрап, Бақтар жайнап, Гүл атты.</p> <p>-Көктем мезгілі еніп, құстар да орала бастады. Ендеше, құстар туралы жұмбақ шешейік.</p> <p><i>Көктемде ұзын келеді, Жаздай концерт береді</i></p> <p><i>Өз атын өзі шақырады, Сөйтіп күнді батырады.</i></p> <p><i>Тұмсығымен ояды, Ағаш құрттын жояды</i></p> <p>Көктемгі тоғайға серуенге шақырады.</p> <p>«Полька» әуені ырғағымен балаларға «тастан секіру», «шалшық судан аттау», «бөрене үстімен жүру» қимылдарын көрсетуді ұсынады.</p>	<p>Маршпен шеңбер бойымен жүреді, аяқтарын нық басады.</p> <p>Құстардың қанатын көрсете, қолдарын екі жаққа созып, аяқ ұшымен жүгіреді.</p> <p>Бір орында айналады.</p> <p>Балалар тақпақты бірге қайталап еске сақтауға тырысады.</p> <p>Жұмбақтардың шешуін табады.</p> <p>Бұлбұл</p> <p>Көкек</p> <p>Тоқылдақ</p> <p>Балалар әуен ырғағымен секіру, аттау қимылдарын көрсетеді, бірге жасайды.</p>

## Ұйымдастырушылық- ізденістік

	<p><i>Төгай, төгай, көк төгай, Көк төгайда көп торғай, Төгай іші қапырық, Демалайық отырып,-</i></p> <p>деп, балаларға отырып, жайғасуларын сұрайды. Ұнтаспадан құстар даусы естіледі.(«Табиғат үндері» жинағынан)</p> <p>Құстар даусын ажыратуларын сұрайды.</p> <p><b>Музыка тыңдау: «Қекек»</b></p> <p>(Х. Мұхамедова, А. Рахмат, аударған М. Әлімбаев) әнін орындал, көек әнін қайталауды сұрайды. Ән сипатын, мағынасын әңгімелейді. Балалардан сұрайды.</p> <p><i>Көктем, көктемде Құстардың бәрі де Әнши болып кеткен бе? Біз де ән салайық, Шығып алып бөктерге!</i></p>	<p>Отырып демалуға жайғасады. Құстар үнін естіп елеңдейді, қызығушылықпен тыңдайды.</p> <p>Дауыстарын ажыратып, аттарын атап айтуда тырысады.</p> <p>Әнді тыңдал, көкектің даусына өосылып бірге әндетеңді.</p> <p>Әнді тыңдал мағынасын түсінеді.</p>
	<p><b>Дауыс жаттығуы: «Бұлбұл»</b></p> <p>(Қ. Шілдебаев, А. Асылбек) үйретіп, дұрыс тыныс алуларына, дауыс ырғақтарына көңіл бөледі.</p> <p><b>Ән үйрену: «Көктем»</b></p> <p>(А. Жайымов, Қ. Сыдықов) әнін орындал, мәтінін түсіндіріп, әуенін үйретеді. Орындау барысында ырғақтық ерекшеліктеріне тоқтату. Дыбыс ұзақтығын алақандарымен шапалактау арқылы көрсету.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Не қалай шақырады?»</b></p> <p>(Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек)</p> <p>ұйымдастырылады.</p> <p>Балаларға қарға, көек, шымшық атрибуттары кигізіледі. Ән мазмұнына сәйкес құстар әндетең ұшады, даусын салады.</p> <p><i>Жұзгенде көлдің сәні өзі, Жердегі құстың серкесі, Көктегі құстың еркесі. Бұл не?</i></p> <p>Балаларға аққу суретін көрсетеді.</p> <p><b>Би: «Аққу» күйі.</b> (Н. Тілендиев) ұнтаспада орындалады. Күйдің көркемділігін, үндестігін сезініп, түсінулеріне ықпал етеді. «Аққу» күйіне қыздарға би қимылдары үйретіледі.</p> <p>«Аққу» биінің («Билеп үйренейік» жинағынан) элементтерін көрсетеді.</p>	<p>Дауыс жаттығуын айтқанда дұрыс тыныс алу, әндете созу, дыбыс ұзақтылығын сақтайды.</p> <p>Әннің сипатын ажыратып, шапалактарап көрсетеді.</p> <p>Үш топқа бөлініп ойынды қызыға ойнайды. Ойын шартын сақтап, көнілді ойнап, қызығушылықтары артады. Балалар жұмбакты бірге ойланған шешүге тырысады.</p> <p>Күйді тыңдал әсер алады. Би элементтерін нәзік, баяу көрсете, мәнерлеп билеуге талпынады, үйренеді.</p>

**Күні:** Сәуір

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** «Бақшадағы ән-сауық»

**Білім көздері:** Ән-күй

**Мақсаты:** музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендей, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.

**Көрнекілік:** қуыршақтар, ойыншықтар, «Әуендей сағат» дидактикалық ойынның карточкалары.

**Сөздік жұмыс:** қуыршақ мұнды, жас дәуір, түлек.

Оку іс - әрекет белімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	<p>«<i>Біздің балабақша</i>» (Б. Қыдырбаева, М. Әлімбаев) әні ойналып, балаларды залға қарсы алады.</p> <p><i>Қанша бала, қанша қызы,</i>  <i>Бір шоқ гүлміз баршамызы.</i></p> <p><i>Ойын-күлкі ордасы</i></p> <p><i>Біздің балабақшамызы!</i></p> <p>Өлеңді айтып беріп, балаларға «<i>Тату достар</i>» (И. Штраус) әуеніне өз беттерінше би қимылдарын ойлап тауып, жұптасып билеуді ұсынады.</p> <p>-Балабақша туралы қандай тақпак-өлең білесіндер?</p> <p>-Балабақшада не үйренесіндер?-деген сұрақтар қою арқылы балабақша туралы әңгімелесу.</p> <p><i>Аяғы бар, жүрмейді,</i>  <i>Аузы бар, күдмейді.</i></p> <p><i>Айнымайды бөпемнен,</i>  <i>Тек сөйлеуді білмейді. Бұл не?</i></p>	<p>Кол ұстасып, өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасайды.</p> <p>Музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете билейді.</p> <p>Блабақша туралы тақпак-өлеңдер айтады.</p> <p>Өз балабақшасы, достары туралы әңгімелейді.</p>
Үйымдастырушылық- ізденістік	<p>«<i>Ойыншықтармен би</i>» қимылдарын үйретеді.</p> <p>Куыршақтарды бірге қозғап, қимылдарын бірқалыпты жасауға дағдыландырады.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «<i>Куыршақ мұнды</i>» (Б. Жұсібалиев) әуенін тыңдауды ұсынады. Әуендей тыңдатып, сипаты туралы сұрайды.</p> <p>Куыршақтары туралы әңгімелеп берулерін өтінеді.</p> <p><b>«<i>Куыршақтар дуенін</i>»</b> (М.Калганова)</p> <p>тыңдатып, екі әннің ерекшеліктерін сұрайды.</p>	<p>Куыршақтарды ұстап, би қимылдарын бірге мәнерлеп орындаиды.</p> <p>«Куыршақ мұнды»- мұнды, жабырқай.</p> <p>Әуендей тыңдап, сезінеді, мағынасын түсінеді, әңгімелейді.</p>

<b>Ұйымдастырушылық-ізденистік</b>	<p><b>Дауыс жаттығуы: «Әлди-әлди»</b> және <b>«Ән шырқайық»</b> орындалады. Дикцияның айтылуы мен дауысты дыбыстарлы ауызды «дөңгелете» айту әдісімен жаттықтыру.</p> <p><b>Ән үйрену: «Жас дәуірдің түлегіміз»</b></p> <p>(Т. Жұмалиева, Е. Өттетілеуұлы) әнін орындалап, мұқият тыңдауды ескертеді. Әннің мазмұнымен қысқаша таныстыру, көнілді, ойнақы әуеніне көніл бөлу.</p> <p>Әнді үйреткенде сөздерді анық айтуына, бірге бастап, бірге аяқталуына назар аудару.</p> <p><b>Ойын: «Алтын қақпа».</b> Ойынның сөздерін жатқа айтып, бірдей құмылданап, ойын шартының орындалуын қадағалайды. Ойынға белсene қатысқан балаларды мақтайды.</p> <p><b>Би: «Аққу»</b> биінің негізгі элементтерін үйретіп, мәнерлеп орындауға дағдыландырады. («Билеп үйренейік» жинағынан).</p> <p><b>Әуенді-дидактикалық ойын: «Әуенді сағат»</b> ойналады. Өткен оқу іс-әрекетіндегі әндер орындалып, тыңдалып, ән мәтініне сәйкес бейнеленген суретті сағат тілімен көрсету. «Әуенді сағат» үлестірмелі карточкасын барлық балаға тарату. «Аққала», «Жаңбыр», «Добым менің», «Аязата», «Қуыршак», т.б. әндер орындалады.</p>	<p>Ойнақы, женіл музикаға қуыршақтарын қозғап, билетеді. Әннің көнілді, жарқын сипатын сезініп, үйренеді. Ірғағы мен динамикасын шапалактап көрсету арқылы есте сақтайды.</p> <p>Ойынды қызыға ойнап, ұйымшылдықпен белсene араласады. «Құс қанаты», «Құс тұмсық» би элементтерін үйренеді.</p> <p>Әндерді тыңдалап, ажыратып көрсетеді. Үйренген әндерін еске түсіріп, сәйкес суретті тауып көрсетеді.</p>
<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	<p>-Сендер барлық өнер түрлерін балабақшада үйренесіндер.</p> <p>-Сендерге балабақша ұнай ма?</p> <p>-Сүйікті ойыншығың не?</p> <p>-Қандай өнео түрі ұнайды?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>· <i>Жатқа білер дос атын,</i></li> <li>· <i>Күнде бізді қосатын.</i></li> <li>· <i>Балабақша –біздің үй,</i></li> <li>· <i>Басымызды қосатын.</i></li> </ul> <p>Оқу іс-әрекетін қорытындылайды.</p>	<p>Балабақша, достары туралы тақпак, өлеңдер, ән айтып сайысқа түседі.</p> <p>Балалар сұрақтарға көнілді жауап беріп, өз ризашылығын білдіреді.</p>

#### Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** әннің сипатын қабылдау, ырғактың бейнесі мен динамикасын дәл беру, әуенге сай түрлі құмылдарды орындауды.

**Игереді:** музика сипатына сай, әртүрлі әуенді ажыратуды, салыстыруды, жаңа әннің мәтіндік және музикалық мағынасын түсінуді, «құс қанаты», «құс тұмсық» би элементтерін.

**Менгереді:** өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салытыруды, тыңдалап сезінуді, әңгімеледеуді.

**Күні:** Сәуір

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** «Ән салып, би билейміз»

**Білім көздері:** Ән-күй

**Мақсаты:** музикалық шығармалар сипатын анықтауды жалғастыру, дыбыстың ұзақтығын, биектігін ажыратуды дамыту. Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауға баулу.

**Көрнекілік:** шертер суреті, композитор Б. Дәлденбайдың суреті, металлофон аспабы, «Етек-етек» ойынына қажетті атрибуттар.

**Сөздік жұмыс:** регистр, шертер.

Оқу іс - әрекет белімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық- козғаушылық	<p>«<i>Marii</i>» (Е. Брусиловский) ойналып, балалар шеңбер бойымен жүріп келіп, бірнеше қатарға тұрып, түзу сызық бойымен жүруді үйретеді.</p> <p><i>Үйренеміз өнер біз, Шетімізден шеберміз. Ән де айтып көңілді, Би де билеп береміз,-</i></p> <p>деп, «<i>Тату достар</i>» (И. Штраус) полькасына биге шақырады. л кім бізге қалаған әнін орындалап береді?- деген сұрақтар қойып, балаларға өз шығармашылықтарын, өнерлерін көрсетуді ұсынады.</p>	<p>Марш екпінін сезіне, бірнеше қатарға бөлініп тұруды үйренеді. Сап түзеп, қатарласа жүреді.</p> <p>Көңілді полька биінің әуенін сезіне женіл козғалады. Өз ойларынан би құрастырып, мәнерлеп орындаиды.</p>
Үйымдастырушылық- ізденистік	<p><i>Домбырам күмбірлеп, Күй шерте аламын. Бұрала би билеп, Сурет те саламын.</i></p> <p>«Біз өнерпаз баламыз» атты шағын концерт ұйымдастырылады.</p> <p><b>Ән тыңдау: «Балалығым- балғын шағым»</b> (Т. Қажыбаев) атты әнді орындалап, мұқияттыңдауларын сұрайды. Әннің мазмұнына ерекше тоқталу. Әннің орындалуына мән беріп, көңіл күйін сезіне әңгімеледі ұсынады. Ұлттық музикалық аспап- <b>шертермен</b> таныстыру. Аспаптың суретін көрсетіп, дыбысталуын ұнтаспада тыңдату. Дауыс ерекшелігін еске сақтауға, ажыратуға үйрету.</p>	<p>Әз өнерлерін ұсынған балалар ән салып, би билеп, өлең-такпактарын айтады. Концерт көрермендері қошемет көрсетіп, өнерпаздарға қол шапалақтайды.</p> <p>Әнді ынталана тыңдалап, мағынасына мән береді. Әннің сипатын ажыратады. Шертер аспабымен танысады.</p>

<p><b>Үйнімдастыруштылық-іздеместік</b></p>	<p><b>Дауыс жаттығулары:</b> «Дабыл», «Шертер» орындалады. «Дабыл» әніндегі «дұң-дұң» буындарын дауысқа салмақ түсіре анық айтуға үйрету. «Шертер» ән жаттығуында нұктелі нотаның орындалу ерекшелігіне, регистріне көніл аудару. Дауыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау.</p> <p style="text-align: center;"><i>Ән саламыз күнде біз, Шаттық толы ыргамыз. Біз тату достармыз, Біз унемі біргеміз.</i></p> <p><b>Ән үйрену:</b> «Балдыргандар әні» (Б. Дәлденбай, Н.Жанаев). Авторлардың балаларға арнап жазған әндерін орындал, айтып жүргендерін ескертеді. Көнілді, ойнақы сипатына көніл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді.</p> <p>Әннің әуенін үйретіп, бірге қосыла айтуға икемдейді.</p>	<p>Дауыс жаттығуларын таза, анық орындейды. Дауыс ұзақтығы шапалақтап көрсетеді.</p>
<p><b>Рефлексиялық-түзетушілік</b></p>	<p><b>Аспапта ойнау:</b> «Полька». Бірнеше металлофон аспабында оркестрде ойнауга үйрету. Әуені анық, таза ойнап, ырғакты сезінуге дағыландырады.</p> <p style="text-align: center;"><i>Ойна, ойна, ойнауық, Биле, биле, билейік. Ойын ойнап көнілді, Қызыққа тоймайық!</i></p> <p><b>Ойын:</b> «Етек-етек». Ойын шартын қатаң қадағалау.</p>	<p>Металлофон аспабын менгеріп, таза ойнауга үйрениді. Әуен ырғағына қосыла, үндестігін бере көнілді ойнайды. Қимылды-әуені ойынға ұйымшылдықпен қатысады.</p>

### Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** дауыс биіктігін, ұзақтығын ажыратуды. Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауды білуі керек.

**Игереді:** жаңа ән үйреніп, әуенін таза айтуды, шертер аспабымен танысып, дыбысталуын ажыратуды.

**Менгереді:** музикалық шығармалар сипатын өз беттерінше ажыратуды, әнді, дауыс жаттығуларын мәнерлеп орындауды, металлофон аспабында еркін ойнауды.

**Күні:** Мамыр

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** «Музыка әлеміне саяхат»

**Білім көздері:** Ән-күй

**Мақсаты:** балаларды музыка әлемімен таныстыру, арқылы ұлттық мәдениетімізбен, опера және балет жанрымен таныстыру.

**Көрнекілік:** микрофон, Абай атындағы опера және балет театрының, опера әншілері мен бишілерінің суреті.

**Сөздік жұмыс:** театр, балет, опера, метро, интерактивті тақта, диапазон.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	<p>-Бүгін біз балалардың арасында үйымдастырылған «Ән-би» жарысына саяхатқа барамыз,-деп, <b>«Бақытты балалық шақ»</b> әнімен («Мен бақытты баламын» СД үнтаспасынан) карсы алады. Балалардың залға келіп тұрып, орындарына орналасуын ұсынады.</p> <p>-Балалар, музыка әлеміне саяхатқа «метро» көлігіне отырып барамыз. Ең алдымен Абай атындағы опера және балет театрына барып көрейік,-деп, әнші қызға әннің кезегін береді.</p> <p>М. Жәутіковтың «Тәтті-тәтті» әнімен билеп барамыз. Әншіге тұруды, жүруді, әртістік қабілетін еркін айтудың көрсетіп, үйретеді.</p>	<p>Балалар жүппен кіріп үйренеді. Әз орындарына тұрып, көңілді ырғакты қимылдарды жасай білуге талпынады. Балалар залдың бойымен шенбермен жүріп, әннің ыргағымен билей бастайды. Әнші қыз нақышына келтіріп айтуға тырысады. Балалар көңілді би ырғактарын билейді</p>
Үйимдастырушылық- ізденістік	<p>(Үнтаспадан дауыс шығады). Зал төріндегі проекторге назар аударады.</p> <p>-Балалар, Абай атындағы Опера және балет театрына қош келдініздер!</p> <p>-Қойылымды мұқият тыңдалып,, көру үшін , ұялы телефондарыңызды өшірулерінізді сұраймын. Қойылым басталғанда, ән айтқанда, спектакль жүргізілгенде шулауға, жүруге болмайды. Сіздер бүгін театрмен танысасыздар және балет «бишілері» мен опера «әншілерін» тыңдайсыздар.</p> <p><b>Ән тыңдау:</b> <b>«Елім-ай»</b> әнін (Н. Менделіалиев) жеке дауыстағы әншінің орындауында үнтаспадан тыңдайды.</p> <p>Келесі тыңдайтындарыңыз «Біржан мен Сара» операсынан үзінді.</p>	<p>Балалар театрға келіп, отыруға талпынады. Театр тәртібін сақтауға тырысады. Зейін қойып тыңдайды.</p> <p>Балалар «Елім-ай» әнін Ұлан Кенжебековтың орындауында тыңдайды.</p>

<b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>	<p>-Балалар, сендер қандай театрда болдыңдар?</p> <p>-Әнші қандай ән айтты?</p> <p>-Даусы қандай? Жоғары диапазонда айттыма, әлде төмен бе?</p> <p>-Қандай биді көрдіндер? Биді шапшаң биледі ме? Жок, жәй ырғақта биледі ме?</p> <p>-Сендер өте жақсы тыңдадыңдар, жүріндер, бәріміз бірге метроға мініп, үйге қайтайық. «<i>Балдыргандар жырыны</i>» айтады.</p>	<p>-Абай атындағы Опера және балет театрында.</p> <p>-Әнші «Елім-ай» әнін жәй, мұңлы, сабырлы айтты.</p> <p>-«Біржан-Сара» операсын.</p> <p>-Бишілер өте көңілді, жігерлі билеп шықты.</p>
---------------------------------	--	--

### Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** музыканы тыңдал, сипаттарын ажыратып үйде көрсөткіштегі мәнерлелерге қарастырып, сезіне біледі.

**Игереді:** музыка әуенін тыңдай білуді, әртістердің әртүрлі жанрдағы ойындарын.

**Менгереді:** музыка ырғағымен би түрлерін жасауды.

**Күні:** Мамыр

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** «Ел қорғауға әзірміз»

**Білім көздері:** Ән-күй

**Мақсаты:** балалардың патриоттық сезімін ояту, музыканың түрлі сипаттарын ажыраты білуге дағдыландыру. Әнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.

**Сөздік жұмыс:** әскери марш, жеңіс күні, мәңгілік алау.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	<p>Балаларды залда «<i>Балдыргандар маршы</i>» (К. Куатбаев) шығармасымен қарсы алады. Орындарында тұрып, жеңіл ырғақ тұрларімен билейді. Жетекші балаларды Панфилов атындағы демалыс паркіне шақырады. «9 мамыр Жеңіс күні» мерекесіне автобус көлігіне мініп баруды ұсынады.</p> <p>«<i>Ел қорғауға әзірміз</i>» (К. Куатбаев, М.Әлімбаев) әнін бірге орындаіық. Аялдамадан түскеннен кейін әскери марш ырғағымен жүреді. Бірнеше қатарға тұрып, әскериidің қимылдарын көрсетеді.</p>	<p>Балалар музыка ырғағымен жұптасып, билеуге талпынады. Балалар бірінің артынан бірі жүріп, ырғақпен орындарына келеді. Балалар қатарласа жүріп мерекеге аттанады. Әнші ұл бала әнді мәнерлеп айтуға талпынады, балалар қайырмасына қосылып, әскери қимылдары жасауға талпынады.</p>
Үйымдастырушылық- ізденистік	<p>Жетекші интерактивті тақта, суреттер арқылы Панфилов паркіндегі «Мәңгілік алау» басында жиналған соғыс ардагерлерін, әскерилерді көрсетеді.</p> <p><i>Музыка тыңдау:</i> «Жеңіс күні» әнін (Д.Тухманов, В. Харитонов) үнтаспада тыңдайды.</p> <p>Балаларды елін қорғаған батырлармен таныстырады.</p> <p><i>Би:</i> «<i>Катюша</i>» әніне көнілдене билеуді ұсынады. «Мәңгілік алау» басына гүл шоқтарын қоюды көрсетеді. Бір минут үнсіз тұрып, соғыста қаза тапқандарды еске алууды қайталайды.</p>	<p>Балалар «Мәңгілік алау» басына ардагерлердің не үшін жиналғанын түсінуге талпынады. «Жеңіс күні» әнін тыңдайды. Бауыржан Момышұлы атындағы ұландардың марш ырғағымен жүріп көрсеткен шеберліктеріне «Катюша» биіне қызыға қарайды.</p> <p>«Мәңгілік алау» басына гүл шоқтарын қояды.</p>

	<p><b>Ән үйрену: «Момышұлы Бауыржан»</b> (Е. Өміров, С. Тұрғынбеков). Ардагерлерге арнап «Сарбаздар» әніне (М. Жәйтіков) билеп беруді ұсынады.</p>	Сарбаздар әніне билеуге тырысады.
Рефлексиялық- түзегушілік	<p>-Қандай паркте болдық? -Қандай әндер тыңдадындар? -Қандай би ансамбльдерін білесіндер?</p> <p><b>Дидактикалық-үлестірмелі ойын:</b> «Жанрларды ажырат». Балаларға текшелер таратылып береді.</p>	<p>Панфилов паркінде «Жеңіс күні» «Момышұлы Бауыржан»</p> <p>Балалар текше арқылы жанрларды ажыратады білуге тырысады.</p>

### Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** музыканы тыңдал, ырғактарды сезінуді.

**Игереді:** әскери музыкаларды тыңдал, жанрларды ажыратуды.

**Менгереді:** әскери музыканы тыңдал, қосыла ырғакпен билеуді.

**Күні:** Мамыр

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** «Бағдаршам»

**Білім көздері:** Ән-күй

**Мақсаты:** музыканы тыңдап, сипаттарын ажыратада білу. Әннің мәтінін дұрыс айтады. Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер рөліне кіріп ойнау. (Көріністі халық әндеріне салып үйрету.)

**Көрнекілік:** бағдаршам, жаяулар өткелі, тең жолмен қылыш, қауіпті бұрылыш, басты жол, қасқыр, желаяқ, тұлпар, қоян, арыстан кеіпкерлерінің костюм атрибуттары.

**Сөздік жұмыс:** сабырлы, көнілді, жігерлі, бағдаршам, ереже, ескерту, тыйым салу, көрсеткіш.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Жетекші балаларды қарсы алады. <b>«Амандасу жаттығуын»</b> айтуды ұсынады. Б. Бейсенованаң <b>«Жол ережесі тәртібі»</b> әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүргүре, орындарына тұрып билеуге, өз орындарын табуға үйретеді. Қимыл ырғақтарын әуенмен жасауды ұсынады. Қимылдардан шатаспай есінде сақтау үшін сөзіне мән беріп, бірге қосылып айтады жасауға үйретеді.	Балалар кіреді, «амандасу жаттығуын» жасайды. Би қимылдарын еркін жасауға, жүргүре, орындарына тұруға, өз жұптарын табуға тырысады. Әннің сөзін тыңдап, есіне сақтауға, шумақ қайырмасының қимылдарын білуге тырысады.
Үйимдастырушылық- ізденистік	-Бізге қонаққа қасқыр келіпті. Ол жолдан өту ережесін білмей, сендерден көмек сұрап келіпті,-деп, Ж. Қалжанованаң <b>«Қасқыр келді қалага»</b> көрінісін кейіпкерлендіріп, сахналауға шақырады. (Бұл сахналауды ата-аналарға көрсетеді). Қасқыр: <i>Еркін өсіп далада, Келдім бүгін қалага. Қиналдым көше тәртібін Кіргізе алмай санама.</i> Музыка әуенімен қимылдар жасайды. Желаяқ: <i>Бардаршамға қараймын, Қараймын мен таңдана. Өшип-жсанған көзінің Алмай сырын аңғара.</i>	Желаяқ сөзін әнге салып, айтуда тырысады. Желаяқ мақтаншақтың кейіпін сомдайды.

## Ұйымдастырушылық- ізденистік

-Ия, Қасқар, әлі күнге дейін жол тәртібін білмейсің бе? Жол жүрудін қадірін мен бес саусақтай білемін.

(Зуылдан жүгіріп өтеді).

Тұлпар:

*Ережесін көшениң,  
Шемішкедей шагамын.  
Болмай ма екен тұлпардай,  
Баяу өте алатын.*

(Ақырындан жүріп өтеді).

Қоян:

*Ой-ой, мына қасқырды  
Көріп тұрмын тұңғыш рет.  
Қайдан келген бұл өзі?  
Қалалықтан емес бұл.*

(Қасқыр қоянды көріп, артынан жүгіреді).

Қоян:

*Әй-әй, Қасеке,  
Не көрінді өзіңе,  
Қарасаңы көзіңе!  
Бағдаршамға қызылып,  
Қараймын мен жынысып,  
Сары көзі жсанғанда,  
Үлгеремін жүгіріп.*

(Қызыл да жанып үлгереді, артынан Қасқыр жүгіреді).

Арыстан:

*Әй, қоян, бері кел, бері,  
Әрі-бері жүгіре берме!  
Ауылдан келген Қасқырга  
Үйрет мына ережені!*

Қоян:

*Арыстан аға, құп болады!  
Тек қасқырга айтыңызы,  
Мені қуа бермесін,  
Айтқанымды тыңдасын.*

Арыстан:

*Кел бері, Қасқыр, қасыма,  
Сенің құлағын- Қоянда,  
Ал көзің бағдаршамда болсын!  
Түсіндиң бе?*

Қасқыр:

*Әй, Арыстан аға!  
Қоянга күнім түсті ғой.  
Амал қанша, қайтейін?*

Тұлпар өзінің сөзін әндете айтып, ойнайды. Жолмен өту ережесін көрсетеді. Қоян қорқақтың рөлін ойнауға тырысады. Қасқыр қуып, қоян қашуға талпынады. Қоян Қасқырга жол ережесін бұзбауын түсіндіреді.

Балалар жол ережесін естеріне сақтауға тырысады. Әндептіп, ырғактан шықпай айтуға тырысады. Қуаныш, өкініш, корқыныш сезімін көрсетуге талпынады.

«Тоқта», «Жол ашық» белгілерін есте сақтауға талпынады.

Әнді мәтініне келтіріп айтуға тырысады.

	<p>Қоян: (<i>Ескерту белгісі</i>)  <i>Үшбұрыш қызыл көрінсе-</i>  <i>«Абайла, Қасқыр!»</i>  <i>(Тыйым салу белгісі)</i>  <i>Дөңгелек қызыл шеңберде-</i>  <i>«Тоқтай қал, Қасқыр!»</i>  <i>(Көрсеткіш белгісі)</i>  <i>Дөңгелек көк шеңбер ме? -</i>  <i>«Жолыңыз ашиқ».</i>  <i>Түсіндің бе, Қасеке! Ха-ха-ха!</i></p> <p>Қасқыр:</p> <p><i>Түсіндім, болды енди,</i>  <i>Ыржалақтай бермей!</i>  <i>Арыстан кетер,</i>  <i>Күнім өзіме келер! P-p-p-p!</i></p> <p>Арыстан:</p> <p><i>Жол тәртібін білейік,</i>  <i>Аман-есен жүреійік.</i></p> <p>Қасқыр:</p> <p><i>Барар жерге асықпай,</i></p> <p>Қоян:</p> <p><i>Аман-есен жетейік!</i></p> <p><b>Ән: «Жолаушылар жыры»</b>  (Ж. Қалжанова).</p>	<p>«Тоқта», «Жол ашық»  белгілерін есте  сақтауға талпынады.</p> <p>Әнді мәтініне келтіріп  айтуға тырысады</p>
<b>Рефлексиялық- түзетушілік</b>	<p>Жетекші балалардан жол ережесін  сұрайды.  -Кейіпкерлерді сомдау сендерге ұнады  ма?  -Жол ережесін естеріңе сақтандар,  жолдан жүгіріп өтүге болмайтынын естен  шығармандар.  -Жолдан өту үшін алдымен қайда  қараймыз?</p>	<p>Балалар жол  ережесіне жауап  беруге тырысады.  Рөлде ойнаған  ұнайды.</p>

### Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** музыканы тыңдал, сипатын ажыратуды. Әнді мәтәнәмен мәнерлеп айтуды.

**Игереді:** музыканы тыңдал, ойын арқылы аңдарды сомдауды.

**Менгереді:** музика әуенімен адым жасауды, рөлдегі қимылдарын әуенмен  
келтіруді.

**Күні:** Мамыр

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Тақырыбы:** «Біз мектепке барамыз»

**Білім көздері:** Ән-күй

**Мақсаты:** музыканы тыңдал, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту.

**Көрнекілік:** аспаптар, мектеп құралдары.

**Сөздік жұмыс:** ұстаз, мектеп, дана, аспаптарда ойнаймыз, әзілдейміз, қоштасамыз.

Оқу іс - әрекет бөлімдері	Музыка жетекшісінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Мотивациялық-козгауышылық	<p>Жетекші балаларды «<i>Гулдер вальсі</i>» (П.И. Чайковский) ырғағымен қарсы алады. Би ырғактарын сезіне билеуге үйретеді. Шенбермен жүріп, өз орындарына тұруды, жұптарымен ілесе жүруді үйретеді.</p> <p>Б. Бейсенованаң «<i>Ұстазга мың тағым</i>» әнін тыңдауға ұсынады.</p> <p>Балаларды ойынға ұйымдастырады.</p> <p>«<i>Әуенде тап</i>» ойынының шартын түсіндіреді, екі топқа бөлінеді, әуенде тыңдал, жарасып айтуға үйретеді.</p>	<p>Балалар жұптасып, музыка ырғағымен жүруді, орындарына тұруды орындаиды.</p> <p>Әнді тыңдал, сөздерін еске сақтауға тырысады.</p> <p>Балалар ойынды көнілді ойнап, әуенде жылдам еске түсіру арқылы жарысуға тырысады.</p>
Үйимдастырушылық-ізденістік	<p><b>Ән үйрену:</b> «<i>Қош бол, Балабақша</i>» (Р. Төлендиева, С.Қалиев) әнін айтып береді. Балаларға қайталап айтып беруді ұсынады.</p> <p>Жетекші балалардың жыл бойы үйренген білімдерін барлық сала бойынша музыка рақылы көрсетуін ұсынады.</p> <p>Кейіпкерлендіру, жүргізушілік қабілеттерін арттырады. Балаларды өздерін еркін ұстауға, әнді сезініп айтуға, биді бірдей билеуге үйретеді. Ұлдарды «Рэп» қимылын жасап, ырғақпен әуендетіп «Тіл туралы» жырлауды үйретеді және вальс ырғағын қайталауды ұсынады.</p> <p>Алдын ала дайындалған «<i>Ирландық полька</i>», «<i>Гулдер вальсі</i>» билерін қайталайды. («Билеп үйренейік» жинағынан).</p>	<p>Балалар әнді айтуға, еске сақтауға тырысады. Алған білімдерін саз әуені арқылы жеткізуге тырсады. Музыканы тыңдау, әнді айту, жүргізушіліктерін дамытуға тырысады.</p> <p>Ұлдар би қымылдарын үйренеді. Вальс, полька билерін қайталап, еске түсіруге тырысады.</p> <p>Балалар әзілдеуге, қысқа сөзбен жауап катуға тырысады.</p>

	<p>«КВН», «Әзіл-сықақ» театры миниатюраларынан үзінді үйретеді. Балалардың рөлде ойнауды ұсынады.</p> <p><b>Ойын:</b> «Алтын қақпа».</p> <p><b>Аспапта ойнау:</b> «Сазды шатыр» ойынын аспаптарда ойнауды ұсынады.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Біз бақытты баламыз» (Р. Тышқанбаев).</p>	<p>Ойынга белсene катысып, эмоцияларына жақсы әсерін тигізеді.</p>
Рефлексиялық-түзетушілік	<p>Жетекші балаларды белсенді катысқаны үшін мақтайды, мектепке дайындықтарын жоғары екенін айтып мадақтайды.</p> <p>Қоштасады.</p>	<p>Балалар белсенді ойнап, қуаныштарын білдіреді.</p> <p>Қоштасады.</p>

### Күтілетін нәтиже:

**Біледі:** музыканы тыңдал, сипаттарын ажыратуды, жанрларды білуі керек.

**Игереді:** музыканы тыңдал, аспаптармен ырғакты сезіне ойнауды.

**Менгереді:** музыкамен ырғакты сезіне би қимылдарын жасауды.